



"Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 01 маусымдағы № 156 қаулысы. Маңғыстау облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 07 шілдеде № 2754 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 28.02.2019 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Е.Ж. Есбергенов) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.А. Шөжеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А.

Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының
дін істері басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Е.Ж. Есбергенов
01 маусым 2015 жыл

"Маңғыстау облысының дін істері басқармасы"

мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Маңғыстау облысы аумағында діни қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 1 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы"
мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление по делам религий Мангистауской области".

10. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

2. Маңғыстау облысының дін істері басқармасының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

16. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

1) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласында және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын іске асыруды мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру мен іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру және діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін іске асыру саласында болып жатқан процестерді жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

17. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамамен белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Маңғыстау облысындағы діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді;

2) Маңғыстау облысында жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;

- 3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 5) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 6) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- 7) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- 8) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 9) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;
- 10) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы қаулының жобасын әзірлейді және Маңғыстау облысы әкімдігінің қарауына енгізеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;
- 11) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы қаулы жобасын уәкілетті органның келісімі бойынша әзірлейді және Маңғыстау облысы әкімдігінің қарауына енгізеді;
- 12) өз құзыреті шегінде реттелетін салада нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді әзірлейді;
- 13) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндірме береді;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
18. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерді іске асыруда және өз функцияларын жүзеге асыруда белгіленген тәртіпте мыналарға:
 - 1) мемлекеттік органдардан және ұйымдардан "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты және материалдарды сұратуға және алуға;

2) діни бірлестіктерді құру және қызметі, сондай-ақ азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға;

4) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де отырыстар өткізуге;

5) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтары, кеңестер, комиссиялар) құру бойынша ұсыныстар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

19. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

2) бұл жөнінде заңды және жеке тұлғалар ресми сұраныс жасаған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама аясында қажетті материалдар мен ақпаратты беру ;

3) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің этика нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

4) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

3. Маңғыстау облысының дін істері басқармасының қызметін ұйымдастыру

20. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын облыс әкімімен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

22. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
- 2) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;
- 3) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 4) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне заңнамамен белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар береді және көтермелеу шараларын қолданады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұйрықтар шығарады, "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері орындауы үшін міндетті тапсырмалар береді;
- 6) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;
- 7) барлық мемлекеттік органдарда және ұйымдарда "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;
- 8) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 9) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша есептік материалдарды дайындау жөнінде жұмысты бақылайды;
- 10) қаржы қаражатының нысаналы жұмсалуына және "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген материалдық құндылықтардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 11) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысқа жеке жауапты болады;
- 12) "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс жоспарын бекітеді, оның орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.
23. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Маңғыстау облысының дін істері басқармасының мүлкі

24. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

25. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

28. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы бойынша жүргізіледі.

29. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

6. Маңғыстау облысының дін істері басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

30. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігімен жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысының дін істері басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Маңғыстау облысының дін істері басқармасының "Дін мәселелері бойынша ақпараттық-талдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.